

Ақтөбе қаласы, «№34 орта мектебі» КММ

**Жас мамандар тәлімгерлерімен
жүргізілетін жұмыс жоспары**



2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

«№34 орта мектебі» КММ-нің 04 қыркүйек 2023 жылы биылғы оқу жылында жас мамандарға жылдық жоспарларын құруға, күнделікті сабақ жоспарларын жазуға, дидактикалық материалдарды қолдануға әдістемелік көмек көрсету мақсатында тәлімгерлер тағайындалынды. Бұл жоспар Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығына Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы бұйрыққа негізделіп құрылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және орта білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті ұйымдастыру және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге талаптар белгілеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады: 1) тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі; 2) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

Мақсаты :

Жас маманның табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау, біліктілік қызметінде сәтті пайдалану үшін жас маманның кәсіптік білімі мен дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері :

- жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасау;
- жас маманның оқыту- жас маманның оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету;
- жас маманның шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- үздіксіз білім алуға қажеттілік пен ынталандыруды дамыту.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

- жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттар мен жұмыс;
- мектеп құжаттамасымен жұмысқа көмек;
- жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру;
- сабақты ұйымдастыруға көмек;



**2023 - 2024 оқу жылына арналған жас мамандар
тәлімгерлерімен жүргізілетін жұмыс жоспары**

Р/н	Жұмыс мазмұны	Жұмыс нысаны	Мерзімі
1	Жас мамандар тәлімгерлерін тағайындау, жоспарларын құру, бекіту	Жоспарды бекіту	Қыркүйек
2	Ұйымдастыру жұмыстары: 1) Жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттар мен жұмыс, мектеп құжаттамасымен жұмысқа көмек көрсету	Нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс дағдысы Отырыс	Қыркүйек
3	«Жас мамандар қоржынына» Тәлімгерлер жас мамандарды сабақтарына қатыстыруын ұйымдастыру	Үнемі	Қыркүйек
4	Bilimclass, OnlineMekter платформаларымен жұмыс жасауға көмек берілуін қадағалау	толтыру	Жыл бойы Үнемі
5	Мектепшілік, аудандық, облыстық байқауларға қатысуға Тәлімгерлердің жас мамандарға көмектесуін қадағалау	Семинарларға, байқау, олимпиада	Жыл бойы
6	Шеберлік класс. Тәлімгер сабағы	Өткізу	Екінші жартыжылдықта
7	Өзара сабақтарға қатысу жұмыстарын ұйымдастыру, толтыру парақтарын тексеру	Сабақты талдау жұмысы	Жыл бойы
8	Тәлімгерлер жас маманмен бірлескен іс-шара өткізу	Өткізу	Екінші жартыжылдықта
9	Жас мамандарға ашық сабақтар жоспарлауға әдістемелік көмек берілуін бақылау	Дұрыс құрылған, кезендері сақталған сабақ	Ашық сабақтар кестесіне сай
10	«Жас маманның негізгі қиыншылықтары» Тәлімгерлер арасындағы ой бөлісу	дөңгелек үстел	Наурыз
11	«Ең үздік жас маман-2024» Тәлімгерлермен кеңесу, шартын құру	байқау	Сәуір
12	Жылдық жұмыс қорытындысы туралы есеп Тәлімгерлер есебі	Анықтама	Мамыр